

## "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 16 маусымдағы N 58 Заңы

**1-бап.** "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 1997 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 186-құжат; 1998 ж., N 24, 437-құжат; 1999 ж., N 8, 237-құжат; N 23, 925-құжат; 2001 ж., N 17-18, 245-құжат; N 20, 257-құжат; 2002 ж., N 1, 1-құжат; N 23-24, 198-құжат; 2003 ж., N 1-2, 9-құжат; N 11, 56-құжат; N 15, 139-құжат; N 21-22, 160-құжат; 2004 ж., N 11-12, 66-құжат; N 23, 140, 142-құжаттар; 2005 ж., N 7-8, 19-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1 ) 1 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) автоматтандырылған ақпараттық жүйе - жинақтаушы зейнетақы қорының жеке зейнетақы шотындағы зейнетақы активтерін және жинақталған қаражаттарын есепке алуды жүзеге асыруға қажетті және ақпараттың сенімділігін, сақталуын және оны рұқсатсыз кіруден қоргауды қамтамасыз ететін бағдарламалық қамтамасыз етілуі;" ;

мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

"7-1) мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі - Қазақстан Республикасының азаматтарына осы Заңмен белгіленген зейнеткерлік жасқа жеткен соң берілетін ай сайынғы ақшалай төлем;" ;

1 1 ) т а р м а қ ш а д а :

"(келісім)" деген сөз алып тасталсын;

"салымшы мен" деген сөздер "салымшы және (немесе)" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 15-1) тармақшамен толықтырылсын:

"15-1) ең төменгі зейнетақы - тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген зейнетақы төлемдерінің ең төменгі мөлшері;" ;

2) 5-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі:

1) 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін зейнетақы алып келген;

2) осы Заңның 9-бабына сәйкес зейнеткерлік жасқа жеткен Қазақстан Республикасының азаматтарына;

3) әскери қызметшілерге, ішкі істер органдарының, қылмыстық-атқару жүйесі органдарының (мекемелерінің), қаржы полициясы және өртке қарсы қызмет

органдарының арнайы атақтар берілген және ішкі істер органдарының еңбек сінірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алуға құқығы бар қызметкерлері үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіп қолданылатын қызметкерлеріне төлеңеді.

V 9 9 0 7 4 1

V 0 0 1 1 9 6

Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі Орталықтан және (немесе) жинақтаушы зейнетақы қорларынан зейнетақы төлемін, сондай-ақ мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алына қарамастан жүзеге асырылады.

Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің мөлшері ең төменгі күнкөріс деңгейіне кезең-кезеңімен жақындатыла отырып, тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңмен жыл сайын белгіленеді.

Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін төлеу халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы орган айқындастын тәртіппен бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Осы Заңның 9-бабының 1-3-тармақтарына сәйкес зейнеткерлік жасқа жеткен кезде асыраушысынан айырылу жағдайына және жасына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар азаматтардың тілегі бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік базалық зейнетақы төлемімен ауыстырылуы мүмкін.

";

3 ) 6 - б а п т ы н 2 - т а р м ағ ы н д а :

6) тармақша алып тасталсын;

12-1) тармақшада "жылына кемінде бір рет" деген сөздер алып тасталсын;

4) 8-баптың 1-тармағының 2) тармақшасындағы "9-бабына" деген сөздер "9-бабының 1-3-тармақтарына" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 18-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 2-1), 4-1), 4-2) тармақшалармен тоғызылсын:

"2-1) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен міндettі зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың деректер базасын және міндettі зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасқан жеке тұлғалардың бірыңғай тізімін қалыптастыруды";

"4-1) міндettі зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасаспаған және (немесе) әлеуметтік жеке код беру туралы қуәлігі жоқ (немесе) деректемелерінде қателер жіберілген тұлғалардың міндettі зейнетақы жарналарын агентке қайтады;

4-2) салымшылардың жинақталған зейнетақы қаражаттарын бір жинақтаушы зейнетақы қорынан басқасына аударуды";

6) 22-баптың 3-тармағындағы "9-бабына" деген сөздер "9-бабының 1-3-тармақтарына" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 22-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"22-1-бап. Міндettі зейнетақы жарналарының ставкасы

1. Жинақтаушы зейнетақы қорларына төленуге тиісті міндettі зейнетақы жарналары осы баптың 3-тармағына сәйкес айқындалатын тәртіппен зейнетақы жарналарын есептеу үшін қабылданатын, қызметкердің ай сайынғы табысының он проценті мөлшерінде белгіленеді. Бұл ретте, міндettі зейнетақы жарналарын есептеу үшін қабылданатын ай сайынғы табыс тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген жалақының жетпіс бес еселенген ең төменгі мөлшерден аспауға тиіс.

2. Адвокаттар, жеке нотариустер, сондай-ақ жеке кәсіпкерлер үшін жинақтаушы зейнетақы қорларына өз пайдасына төлеуге жататын, салық кезеңінің әрбір айы үшін есептелетін міндettі зейнетақы жарналары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалатын табыстың он проценті мөлшерінде, бірақ тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген жалақының ең төменгі мөлшерінің он процентінен кем емес және жалақының жетпіс бес еселенген ең төменгі мөлшерінің он процентінен жоғары емес болып белгіленеді.

Арнаулы салық режимін қолданатын шаруа (фермер) қожалықтары үшін шаруа (фермер) қожалығы мүшесінің (қатысушысының) және басшысының пайдасына жинақтаушы зейнетақы қорларына төлеуге жататын, салық кезеңінің әрбір айы үшін есептелетін міндettі зейнетақы жарналары тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген жалақының ең төменгі мөлшерінің он процентінен кем емес және жалақының жетпіс бес еселенген ең төменгі мөлшерінің он процентінен жоғары емес мөлшерде белгіленеді.

Арнаулы салық режимін біржолғы талон негізінде қолданатын жеке тұлғалар үшін жинақтаушы зейнетақы қорларына өз пайдасына төлеуге жататын міндettі зейнетақы жарналары біржолғы талондар сатып алынатын әрбір отыз күнге есептелетін, тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген жалақының ең төменгі мөлшерінің он проценті мөлшерінде белгіленеді.

3. Міндettі зейнетақы жарналарын есептеп шығарудың, ұстап қалудың (есептелуінің) және аударудың тәртібі мен мерзімдерін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.";

8) 22-2-баптың 2-тармағындағы "оларды салық салынғаннан кейінгі табыс есебінен жүзеге асырған жағдайда" деген сөздер алып тасталсын;

9) 23-3-баптың 3-тармағының екінші бөлігі алып тасталсын;

10) 24-баптың 2-тармағы алып тасталсын;

1 1 ) 2 7 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

2) тармақшадағы "құрылтайшылары (акционерлері)" деген сөздер "акционерлері" деген сөзben ауыстырылсын;

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) төлемдерді жүзеге асыру кезінде жинақтаушы зейнетақы қорынан Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен зейнетақы төлемдерін алуға;";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Агенттердің Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен Орталықтан қызметкердің міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартының болуы туралы растама алуға құқығы бар.";

3-тармақтың 3) тармақшасы алып тасталсын;

12) мынадай мазмұндағы 27-1-баппен толықтырылсын:

"27-1-бап. Жинақталған зейнетақы қаражаттарын аудару

1. Жинақталған зейнетақы қаражаттарын бір жинақтаушы зейнетақы қорынан басқасына аудару салымшының (алушының) жеке өтініші бойынша уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Салымшының (алушының) жинақталған зейнетақы қаражаттарын аудару туралы өзі өтініш жасауға мүмкіндігі болмаған жағдайда, салымшы (алушы) жеке немесе занды тұлғаға жинақталған зейнетақы қаражаттарын аудару жүзеге асырылатын жинақтаушы зейнетақы қорын көрсете отырып, жинақталған зейнетақы қаражаттарын аударуға өтініш жасауға нотариалды куәландырылған сенімхат береді.

Сенім білдірілген өкіл одан жинақталған зейнетақы қаражаттарын аудару жүзеге асырылатын жинақтаушы зейнетақы қорына өтініш берген кезде, жинақталған зейнетақы қаражаттарын аудару туралы өтініш жасауға берілген нотариалды куәландырылған сенімхатты және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде көзделген құжаттарды ұсынады.";

13) 29 - баптың 1 - тармағында:

4) тармақшада "ақпарат беруді" деген сөздер "ақпарат беру тәртібін" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-1) тармақшада "құрылтайшылары (акционерлері)" деген сөздер "акционерлері" деген сөзбен ауыстырылсын;

14) 31-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Егер жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері бойынша құнтізбелік жылдың сонына есептелетін номиналдық кірістілігінің көрсеткіші кірістіліктің ең төменгі мәнінен кем шаманы құрайтын болса, онда жинақтаушы зейнетақы қоры уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен номиналдық кірістіліктің көрсеткіші мен кірістіліктің ең төменгі мәні арасындағы айырманы өз капиталының есебінен қалпына келтіреді.

Жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері бойынша номиналдық кірістілігін және кірістіліктің ең төменгі мәнін есептеу тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен белгіленеді.

Озінің басқаруындағы әрбір жинақтаушы зейнетақы қорының активтеріне қатысты

зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды дербес жүзеге асыратын жинақтаушы зейнетақы қоры кірістіліктің ең төменгі мәнінен төмен емес кірістілік алуды қамтамасыз етеді.

Егер жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері бойынша күнтізбелік жылдың соңына есептелетін номиналдық кірістілігінің көрсеткіші кірістіліктің ең төменгі мәнінен кем шаманы құраса, бұл жағдайда жинақтаушы зейнетақы қоры зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымға номиналдық кірістіліктің көрсеткіші мен кірістіліктің ең төменгі мәні арасындағы айырманы өтеу туралы талап қояды.;

1 5 )                  3 1 - 1 - б а п т а :  
                          1 - т а р м а қ т а :

"1-3-тармақтарында" деген сөздерден кейін "және 23-бабының 1-тармағы 3) тармақшасында" деген сөздермен толықтырылсын;

"тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген" деген сөздердің алдынан "зейнетақы аннуитеті шарты жасасылған күнге" деген сөздермен толықтырылсын;

2 - т а р м а қ т а :

бірінші бөлігіндегі "2) және 3) тармақшаларында" деген сөздер "2) тармақшасында" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлігіндегі "тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген" деген сөздердің алдынан "зейнетақы аннуитеті шарты жасасылған күнге" дейін сөздермен толықтырылсын;

16) 31-2-баптың 2-тармағындағы "шарт тараптарының келісімімен" деген сөздер "осы Заң талаптарымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

17) 31-4-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жинақтаушы зейнетақы қоры уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен белгіленген құжаттар пакетін алған кезден бастап күнтізбелік отыз күн ішінде алушының жинақталған зейнетақы қаражатын сактандыру ұйымына аударуға міндетті.":

1 8 )                  4 0 - б а п т а :

1-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Жинақтаушы зейнетақы қоры атқарушы органының басшысы немесе бас бухгалтері лауазымына кандидаттың қызметінің негізгі түрі қаржы қызметтерін көрсету болып табылатын ұйымда кемінде үш жыл жұмыс стажы болуға тиіс.";

2 - т а р м а қ т а :

үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар;";  
бесінші абзац алып тасталсын;

19) 41 - б а п т а :

1-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:  
"1) зейнетақы жарналарын тарту жөніндегі қызметті жүзеге асыруға;";

2 - т а р м а қ т а :

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) салымшыға және ақпарат алушыға жылына кемінде бір рет, сондай-ақ оның сұрауы бойынша кез келген сұралатын күнгі оның жинақталған зейнетақы қаражаттарының жай-күйі туралы ақы алмай ақпарат беруге және осы Заңның 50-бабында көзделген қағидаларды ескере отырып, оның жинақталған зейнетақы қаражаттары туралы ақпаратқа қол жеткізуінің электронды және өзге де тәсілдерін қамтамасыз етуге міндетті.

Жинақтаушы зейнетақы қорының жинақталған зейнетақы қаражатының жай-күйі туралы ақпаратты беру тәсілі салымшымен (алушымен) келісім бойынша анықталады.

Ағымдағы жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша жеке зейнетақы шотында ақша болмаған немесе салымшы (алушы) зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартта көрсетілген тұрғылықты мекен-жайының өзгергені туралы жинақтаушы зейнетақы қорына хабарламаған жағдайларда жинақтаушы зейнетақы қоры салымшыға (алушыға) өткен жылғы жинақталған зейнетақы қаражатының жай-күйі туралы ақпарат жіберуді жүзеге асырмайды;";

мынадай мазмұндағы 11-1) тармақшамен толықтырылсын:

"11-1) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен электронды құжат айналымын пайдалана отырып, Орталыққа міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы салымшылармен жасасылған шарттар туралы мәлімет ұсынуға;";

13) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"13) әрбір жеке тұлғаның тұратын жеріне қарамастан, олармен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасу және оны бұзы кепілдігін қамтамасыз етуге міндетті. Жинақтаушы зейнетақы қорлары әрбір филиалдың және өкілдіктің осы қызметтерді көрсетуін қамтамасыз етуге міндетті.";

20) 45-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Таратылатын мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорының алушылары мен салымшылары тарату комиссиясы немесе уақытша әкімшілік (жинақтаушы зейнетақы қорын уақытша басқарушы) белгілеген мерзімдерде басқа жинақтаушы зейнетақы қорын дербес таңдауға құқылы.";

21) 45 - 1 - б а п т а :

3-тармақта "екі мерзімдік баспасөз басылымында" деген сөздер "мерзімді екі баспасөз басылымында мемлекеттік тілде және орыс тілінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Ерікті түрде таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының тарату комиссиясы зейнетақы активтерін, зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша оның міндеттемелерін басқа жинақтаушы зейнетақы қорына уәкілетті орган белгілеген тәртіппен өткізу жөнінде шаралар қабылдауға міндетті.";

2 2 ) 4 5 - 2 - б а п т а :

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Жинақтаушы зейнетақы қорының лицензиясын кері қайтарып алу туралы шешім қабылданған жағдайда уәкілетті орган уақытша әкімшілікті (жинақтаушы зейнетақы қорын уақытша басқарушыны) тағайындауды.

Жинақтаушы зейнетақы қоры жұмысының, оның уақытша әкімшілігін (жинақтаушы зейнетақы қорын уақытша басқарушыны) тағайындаудың тәртібі, сондай-ақ уақытша әкімшіліктің (жинақтаушы зейнетақы қорын уақытша басқарушының) өкілеттіктері уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен айқындалады.

Мәжбүрлеп таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының уақытша әкімшілігі (жинақтаушы зейнетақы қорын уақытша басқарушы) зейнетақы активтерін, зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша оның міндеттемелерін басқа жинақтаушы зейнетақы қорына уәкілетті орган белгілеген тәртіппен өткізу жөнінде шаралар қабылдауға міндетті.

Уақытша әкімшілік (жинақтаушы зейнетақы қорын уақытша басқарушы) өз қызметін уәкілетті орган жинақтаушы зейнетақы қорының тарату комиссиясын тағайындағанға дейінгі кезеңде жүзеге асырады.

Жинақтаушы зейнетақы қорының тарату комиссиясы тағайындалғанға дейін уақытша әкімшіліктің (жинақтаушы зейнетақы қорын уақытша басқарушының) қызметіне бақылау жасауды уәкілетті орган жүзеге асырады.

Уақытша әкімшіліктің (жинақтаушы зейнетақы қорын уақытша басқарушының) есебі жинақтаушы зейнетақы қорын тарату туралы шешім қабылдаған уәкілетті органға және сотқа табыс етіледі.

Уақытша әкімшіліктің (жинақтаушы зейнетақы қорын уақытша басқарушының) атқарылған жұмыс туралы есебін сот бекітеді.

Уақытша әкімшілік (жинақтаушы зейнетақы қорын уақытша басқарушы) тарату комиссиясын тағайындау туралы шешім қабылданған күннен бастап он күннен аспайтын мерзімде жинақтаушы зейнетақы қорының құжаттары мен мүлкін тарату комиссияна береді.

Жинақтаушы зейнетақы қорының құжаттары мен мүлкін уақытша әкімшіліктен (жинақтаушы зейнетақы қорын уақытша басқарушыдан) қабылданап алу және тарату

комиссиясының төрағасына беру төрт дана етіп жасалатын актімен ресімделеді және оны уәкілетті орган бекітеді. Бекітілген актінің бір данасы істің материалдарына тіркеу үшін сотқа жіберіледі.";

7-тармақтың екінші бөлігі "тағайындау" деген сөзден кейін "және босату" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 7-1-тармақпен толықтырылсын:

"7-1. Жинақтаушы зейнетақы қорын таратуға байланысты шығыстар таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының есебінен жүргізіледі.";

23) 47-баптың 4-тармағының бірінші бөлігіндегі "акционерлер" деген сөзден кейін "басқа тұлғалардың акцияларға орналастырылған активтерін және жарғылық капиталына қатысу үлестерін шегере отырып," деген сөздермен толықтырылсын;

24) 48-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"48-бап. Жинақтаушы зейнетақы қорларының комиссиялық сыйақылары

1. Комиссиялық сыйақының шекті шамасын жинақтаушы зейнетақы қоры:

1) инвестициялық табыстың он бес процентінен;

2) айына зейнетақы активтерінің 0,05 процентінен аспайтын шекте белгілейді.

Комиссиялық сыйақының шамасы жылына бір реттен жиі емес өзгерілуі мүмкін және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таратылатын кемінде мерзімді екі баспасөз басылымында мемлекеттік тілде және орыс тілінде жариялау арқылы салымшылар мен алушыларға құнтізбелік жыл басталардан кемінде бір ай бұрын хабарландырылуға тиіс. Комиссиялық сыйақыны өндіріп алу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

2. Жинақтаушы зейнетақы қорының өз қаражатын пайдаланудан алынған табыстары толық көлемінде жинақтаушы зейнетақы қорына тиесілі болады.";

25) 49-бап мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Зейнетақы активтерін және жеке зейнетақы шоттарындағы жинақталған қаражатты есепке алуға арналған автоматтандырылған ақпараттық жүйелерге қойылатын талаптар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен белгіленеді.";

2 6 ) 5 0 - б а п т а :

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Алушының жеке зейнетақы шотының болуы туралы, олардағы ақшаның қалдықтары мен өзгерістері туралы анықтамалар алушы қайтыс болған жағдайда жазбаша сұрау бойынша өсиетте аталған адамдарға, олардың қарауындағы мұрагерлік істер бойынша үйгарым негізінде соттарға беріледі.";

мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

"6. Жеке зейнетақы шотының болуы және ондағы ақша туралы анықтамалар алушы қайтыс болған жағдайда олардың қарауындағы мұрагерлік істер бойынша нотариат кенселеріне, жеке нотариустарға және шетелдік консулдық мекемелерге беріледі.".

**2-бап.** Осы Заң, 2005 жылғы 1 маусымнан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 2) тармақшасын, 2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 5) тармақшасының төртінші абзацын және 11) тармақшасының жетінші абзацын қоспағанда, 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ескерту. 2-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.07.04. N 148 (колданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.*

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК